

**№ 74 жалпы білім беретін орта мектебінің  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТИНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖУМЫС ТАЛДАУЫ  
2022-2023 оку жылы**

**Психологиялық қызметтің алдына қойған мақсаты:** оку-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

**Психологиялық қызметтің міндеттері:**

- ↳ Білім беру үйімнің әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;
- ↳ Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;
- ↳ Білім берудің барлық деңгейлерінің көңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - қасиби даму бағыттарын кіріктіру.

**Класс оқушыларымен жүргізілген диагностика қорытындылары:**

1-клас оқушыларының мектеп бейімделу деңгейін анықтау мақсатында «Керн Иерасек», «Әріптерді көшіріп жазу», «Нүктелерді көшіріп салу» әдістемелері алынды.

Зерттеу жұмысының нәтижесін қорытындылайтын болсақ, 1- класс оқушыларының көбісі дерлік, мектепке бейімделуінің жоғары және орта деңгейін көрсетті.

1-4 класс оқушыларына «Оқу мотивациясын анықтау» әдістемесі және психологиялық сергіту жаттыгулары, оқушылардың орта буынга бейімделгенін анықтайтын проективті әдістеме арқылы диагностика жүргізілді. Диагностика мақсаты: сынып ұжымымен әрбір оқушымен жеке тұлғасымен дамуына қолайлы жағдайларды үйімдастыру, білім іскерлігі дағдысында кемшіліктерді жою. Сыныптан бейтарап қалған оқушы жоқпа осы жағдайларды анықтау. Танымдық қабілеттерін зерттеу. «Кактус» әдістемесі

Агрессияны анықтау 4 кл, «Qabilet» жобасы бойынша оқушыларды тесттен өткізу 10-11 жас.

**5-клас оқушыларымен жүргізілген диагностика нәтижесі:** И.Лусканова әдістемесі жүргізілді, нәтижесінде мектепке бейімделудің жоғары және орта деңгейін көрсетті. Жасөспірімдердің мықты жақтары мен қындықтарын анықтау мақсатында Р. Гудман сауалнамасы алынды. Әртүрлі бағытта психологиялық тренингтер жүргізілді.

**5-клас оқушыларын зерттеу мақсаты:**

5-клас оқушыларының орта буынға бейімділігін анықтау, бейімділіктен өтуге қиналған оқушыларға психологиялық қолдау көрсету.

**Жүргізілген әдістемелер:**

Оқу мотивациясын анықтау; Оқу пәндеріне қызығушылықты анықтау.; Оқушылардың бейімделу кезіндегі аландауыштылығын анықтау.; Өзіндік бағалаудың, қарым-қатынасын анықтау; Сынып арасындағы ауызбірішліті нығайту мақсатында түзету-дамыту тренингтері жүргізілді.

6-11 класс оқушыларынан «Басса-Дарки», «DASS», Қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау мақсатында «Зунг» сауалнамасы, «Сенің дінге көзқарасын», мектептік ақыл-ой деңгейін анықтау мақсатында «ШТУР» әдістемесі, Жеке мінезд-құлық класификациясын зерттеу үшін «Айзенк» тесті алынды.

Кәсіпті таңдау бойынша 9 класс оқушыларынан Дж.Голланд сауалнамасы, «Кәсіби бейімділікті анықтау» сауалнамасы, «Климов» сауалнамасы алынды. «Спилбергер тесті»

Жекелік және ситуативті мазасыздықты анықтау 8-11 кл, «Сенің сыйбайлас жемқорлық туралы пікірің», 6-8 класс оқушыларының ер балаларынан «Ата-анаңмен сырласасың ба?»

сауалнамасы, 8-11 класс оқушыларынан «Сенің дінге көзқарасын?» сауалнамасы алынды.

10-клас оқушыларының таңдаган бағыты бойынша, жаңа класста бейімделігін анықтау мақсатында, И.Лусканованның әдістемесі жүргізілді. Нәтиже бойынша, 10-клас оқушыларының бейімделуі жоғары және орта деңгейде екені анықталды.

**Топтық зерттеулер.**

Кіші буын оқушыларының өзін-өзі бағалаудын, класстагы орнын зерттеу, класс оқушылары арасында достық қарым-қатынасты, лидерлерді анықтау мақсатында зерттеу жүргізілді.

**2.Психологиялық кеңес беру**

Психологиялық кеңес оқушы, ата-ана, мұғалім арасында туындаған проблемаларды шешуге көмектесуге бағытталды. Оқу процесі кезінде туындаған жағдаяттарды шешу және ұсыныс жасау – психологиялық кеңес берудің басты мақсаты.

**Өгей әке-шешемен тұратын оқушылармен жұмыс.** Биыл мектебімізде өгей әкемен тұратын 2 оқушы анықталды. Анықталған оқушылармен жылдық жоспар құрылып, отбасы жағдайы зерттелді. Оқушылардың темперамент тиитері, өзін-өзі бағалау деңгейі, танымдық қабілеттеріне психодиагностика жүргізілді.

### **3.Психопрофилактика және ағарту жұмысы.**

**Жыл бойы мектептің әлеуметтік педагогымен, класс жетекшілермен, бірігіп жасалған келесідей жұмыстарды атауға болады:**

1. Ерте жүктіліктің профилактикасы және оның алдын алу маманмен кездесу (8-11 кл);
2. «Біз өмірді таңдаймыз. Жасөспірімдер арасындағы девиантты міnez құлықтардың алдын-алуы»;
3. «Отбасы құндылықтарының бала өміріндегі маңызы» ата-аналармен кездесу
4. Кәмелетке толмаган жасөспірімдер арасында құқық-бұзушылықтың алдын алу профилактикасы;
5. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» апталығы.
6. «Жарқын болашақ иесі-болашақ жас мамандарға арналған тренинг
7. «Қын оқушылардың міnez-құлқын түзетудің психологиялық мәселелерін класс жетекшілерге ұсыну» мектепшілік семинар
8. «Буллинг.Баланың барлық қатігедіктен қоргалуға құқығы» дәріс
9. Сынып жетекшілерге арналған «Жүректен жүрекке психологиялық тренингі»
10. «Буллинг/кибербуллингтің алдын-алу бойынша» мектептің инстаграмм парапашасына бейнематериалдар жарияланды
11. «Оқу және жұмыс кезіндегі стресс.Онымен қалай күресуге болады?» мұғалімдерге арналған шеберлік сағаты
12. «Сынып сағаттарын өткізуіндің инновациялық тәсілдері» облыстық семинар
13. «Жалпы білім беретін мектептерде педагогтар, мектеп психологі, әлеуметтік педагогі, логопед қызметі арқылы инклюзивтік кеңістікті құрастырудың тиімді жолдары» қалалық семинар
14. «Жаратылыстану пәндері мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі- нәтижеге бағытталған білім берудің кепілі» облыстық семинар
15. «Менің құқықтарым мен міндеттерім» дәріс 8-11 кл
16. «Интернет желісіндегі қауіпсіздік» мектептің әлеуметтік парапашасына бейнематериал жариялау.
17. «Қауіпсіз интернет» тақырыбында 1-4 класс оқушыларына жадынама, 5-7 класс оқушыларына дәріс, 8-11 класс оқушыларына «Сен интернетке тәуелдісің бе?» тақырыбында сауалнама алынды
18. 4 кластарға педагогикалық
19. «Зиянды заттардың зардабы» 9-11 класс оқушыларына дәріс
20. «Жасөспірім және жыныстық қолсұғушылықтың алдын-алу» тақырыбында баяндама

### **4.Түзету-дамыту жұмысы.**

2022-2023 оку жылы үйден оқытылатын 1 оқушы білім алады:

Үйден оқытылатын оқушыға мектеп психологы бөлек, оқушының диагнозына сәйкес индивидуалды түзету - дамыту жоспарын құрды. Жоспар бойынша оқушымен жетісіне, 1-2 рет жеке түзету - дамыту жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмыстарының қорытындылары бойынша класс жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне, ата-аналарына психолог ұсыныстар мен кеңестер беріп отырды. Оқушыға жеке портфолио арналып, таным процесінің даму динамикасы бақыланды.

Мектепте сенім жәшігі, сенім телефоны жұмыс жасайды. Онда келіп түскен оқушыларының ойларына, қындық көріп жүрген сұрақтарына дер кезінде жауап беріледі.

Келенціс жағдайларды болдырмау үшін психологиялық түзету - дамыту жұмыстары жүргізілген, қорытындылары арнағы тіркеу журналына тіркелген.

### **Қорытынды:**

Қорыта келе, № 74 жалпы білім беретін орта мектебінің психологиялық қызмет жұмысы 2022-2023 оку жылы бойынша қанагаттанарлық деңгейде өтті. Жоспарланған шаралар уақытында өткізіліп, ата-ана, оқушы, мұғалімге кеңестер мен ұсыныстар беріліп, оқу-тәрбие процесіне көмек көрсетуге жұмыс жүргізілді.